**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі»**
**Мемлекеттік мекемесінің «Жансая» бөбекжай-бақшасы»**
**мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

# ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУДАН ӨТУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

**Қандыағаш-2024**

**«Жансая» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін -өзі аттестаттау жұмыстарының мақсаты мен міндеттері**

**Мақсаты:** мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру аясында ұлттық салт-дәстүрлерге және жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу.

**Міндеттері:** баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды және олардың әлеуметтенуін қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру. Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану. Мектепке дейінгі ұйым, мектеп пен отбасының бірлескен ынтымақтастығы, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыру.

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» Мемлекеттік мекемесінің**

**«Жансая» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны бойынша өзін-өзі бағалау өткізу нәтижелерінің**

# АНЫҚТАМАСЫ

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы негізінде 2024 жылдың 01 сәуірі мен 30 сәуірі аралығында МКҚК «Жансая» бөбекжай-бақшасы өзін-өзі бағалауды өткізді.

**МАЗМҰНЫ:**

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы
2. Кадрлық құрамға талдау
3. Тәрбиеленушілер контингенті
4. Жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету
5. Оқу әдістемелік кешендердің болуы
6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры
7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау
8. Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы
9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары
10. Қорытынды мен ұсыныстар

## 1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

**Білім беру ұйымының толық атауы**: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» Мемлекеттік мекемесінің «Жансая» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны .
**Заңды мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, индекс 030701, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы, Ю. Гагарин көшесі, 8В

**Заңды тұлғаның байланыс деректері :** Тел/факс: 8(713 33)7-23-00 Эл. поштасы: **zhansayasad@mail.ru**
web-сайт: **http://zhansaya.edu.kz/**

**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:** Ермаганбетова Шынар Тургамбаевна 12.02.2024 жылы Мұғалжар аудандық білім бөлімі басшысының № 18-жк бұйрығымен тағайындалған.

**Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттар:**

**Ұйымның Жарғысы** – Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсанының №469 қаулысымен бекітілген; «Азаматтарға арналған үкімет»мемлекеттік корпорациясы»коммерциялық емес акционерлік қоғамның Ақтөбе облысы бойынша филиалының Мұғалжар ауданының бөлімімен заңды тұлғаға мемлекеттік қайта тіркеу 2021 жылғы 20 қаңтарда жүргізілген.

Бөбекжай-бақшасының Жарғысында -оқыту тәрбиелеу ісі мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты негізінде жасалған оқу жоспарлары және бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылуы және білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібі, білім беру процесін ұйымдастыру тәртібін (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі,тәрбиеленушілерді бөбекжай-бақшасында орынының сақталуы мен шығару негіздерін және тәртібін, білім беру ұйымының тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі басшылыққа алынған.

**Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы БСН** 080940015490, 20.01.2021жылы берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні- 26.04.2010 жыл.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жансая» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы «23» желтоқсандағы № 469 қаулысының негізінде қайта құрылды.

**Рұқсат беру құжаттары**: Білім беру қызметін жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама №KZ59RVK00023481
Берілген күні: 22.04.2020 жыл.

МКҚК «Жансая» бөбекжай-бақшасында өзін-өзі бағалау 2024 жылдың сәуір айында өткізілді.
«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» Мемлекеттік мекемесінің «Жансая» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны 2010 жылдан бастап жұмыс істейді.
Ғимаратының жалпы алаңы 1069,7 шаршы метр, екі қабатты.
Ғимарат көлемі- 4415 текше метр
Жобалық қуаты- 140 орындық.
Оқыту тілі – қазақша.
Білім мекемесінің аттестациядан өткен жылы- 2023 жылдың желтоқсан айы.

Қазіргі таңда балабақшада 6 топ жұмыс істейді. Оның ішінде 1- кіші жас тобы, 2 – орта жас тобы, 1 - ересек тобы, 1- аралас (ерте жас, кіші жас) тобы және 1 сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы тобы. Осы аталған топтар үшін 18 педагог және 21 кіші қызметкер жалпы саны 39 адам қызмет етеді. Тізім бойынша-136 бала тәрбиеленуде. Әр топ балалардың жас ерекшелігіне сәйкес топтастырылған.
Балабақшаның жұмыс уақыты: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері - сағат 07:30- дан 18:00-ге дейін.
Демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

Мұғалжар ауданының «Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы» ММ-нің, Қандыағаш қаласы, Ю. Гагарин көшесі, 8В мекенжайында орналасқан «Жансая» бөбекжай-бақшасының қызметпен айналысуға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына сай екендігі туралы Санитарлық-эпидемиологиялық ұйғарым № 527-Э «22» 10. 2019 жылғы бар.

Мекеменің қауіпті жағдайларда эвакуациялау жоспары ғимарат ішінде белгіленген. 16 бейнебақылау камерасы орнатылған, өртке қарсы дабыл қаққышы орнатылған.

Мектепке дейінгі мекеме ғимараты автономдық жылумен жабдықталып, жылу жүйесіне қосылған, салқын және ыссы сумен толық қамтамасыз етілген. Әр тоқсан сайын қызметкерлермен еңбек қауіпсіздігі , өрт қауіпсіздігі нұсқаулықтарын сақтау туралы кеңес өткізіліп,

тәрбиеші және тәрбиеші көмекшілеріне балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау нұсқаулықтары өткізіліп, журналдарға қол қойылып отырады. Балалар мен балабақша қызметкерлерінің жарақаттануы тіркелмеген.

«Жансая» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның құрылтайшысы Ақтөбе облысының білім басқармасы, сонымен қатар «Мұғалжар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

Оқыту және тәрбиелеу – мемлекеттік тілде жүргізіледі. Бөбекжай-бақшасында балалардың денсаулығын жақсартатын, дене тәрбиесі мен спортты балалармен ата-аналар арасында кеңінен насихаттайтын спорттық және ойын алаңдары бар.

Бірінші қабатта меңгеруші бөлмесі, жеке оқшаулағышы бар медициналық бөлім, емдеу бөлмесі, музыка бөлмесі,сонымен қатар жиһаздармен, ойыншықтармен жабдықталған топ бөлмелері бар. Топ бөлмелерінде балаларға арналған унитаздар, қол жуғыштар орнатылған. Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы тобында логопед бөлмесі орналасқан.  Бөлме балалардың қызығушылығын арттыратын сенсорлық көрнекіліктермен, тіл жаттығуларын жасайтын арнайы құралдармен жабдықталған.

Ас үй қондырғысы қажетті жабдықтарымен жабдықталған.

Екінші қабатта психолог, әдіскер бөлмесі орналасқан.






МКҚК «Жансая» бөбекжай – бақшасының 2023-2024 оқу жылының оқу  жоспары «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік

жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары); (2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар)

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына (2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 өзгерістер енгізу туралы бұйрығы.) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады. «ҚР-ның мектепке дейінгі ұйымдарында 2023 -2024 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып құрылды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны:

- Перспективалық жоспар:
- Апталық циклограмма:
- Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесінің тиімділігі, сондай- ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы қыркүйек айында, аралық-қаңтарда және қорытынды мамыр айында).

Балабақшада халық педагогикасы элементтерін ұлттық тәрбие мен жүйелі түрде кеңінен пайдаланады. Халқымыздың ауыз әдебиетін, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін үйрене отырып, имандылық, әдептілік, елді, жерді сүю, ата-ананы сыйлау т.б халқымызға тән адамгершілікке тәрбиелеу барысында жұмыс жүргізіледі.

Балалардың ойлау қабілетін, шығармашылығын жан-жақты дамыту үшін психологиялық тренингтер, релаксация, жобалау, әңгімелесу әдістері қолданылады. Дамытушы ойындар, дидактикалық, мазмұнды-рөлдік ойындары, қимылды, ұлттық ойындар арқылы балалардың қызығушылығын, шығармашылығын дамыту мақсатында жұмыстар жасалады. Мектепке дейінгі ұйым ауласы көктем мезгілінде көгалдандырылып, гүлдер , ағаштар отырғызылады.









Балабақшаның медициналық бөлмесі керекті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қызмет көрсету сапасы жақсы. Балабақшада тазалық-гигиеналық, тәртіп сақтау жолы жақсы жолға қойылған. Күн тәртібі және балалардың тамақтану барысы үнемі сақталған. Жұқпалы аурулардан сақтану, болдырмау шаралары және сауықтыру-шынықтыру жұмысы жоспарлы жүргізілуде. Емдік жұмыстары дәрігердің нұсқауымен жүргізіледі. Балабақша медбикесі шынығу жұмыстары бойынша бақылау жүргізіп отырады. Ата-аналарға да пайдалы кеңестер беріп тұрады. Балабақша қызметкерлерін үнемі, уақытылы медициналық тексеруден өткізіп отырады.

Балалар балабақшаға төмендегі құжаттар бойынша қабылданады.

Балалардың жеке құжаттары:
1. Бала денсаулығының паспорты;
2. № 063 түрі;
3. № 027 түрі;
4. Балабақшаға жолдамалары;
5. Туу туралы куәліктің көшірмесі;
6. Ата-аналарының жеке куәлік көшірмесі;
7. Ата-аналармен келісім шарты.

Балабақшадағы оқу тәрбие жұмысын жақсартуда педагогикалық кеңестер, семинарлар өткізіліп тұрады. Жас мамандармен кеңестерді жан-жақты қызықты өткізумен қатар заман талабына сай құнды пікірлер беріліп отырады. Педагогтармен әдістемелік жұмыстың әртүрлі формалары (кәсіби конкурстар, байқаулар, біліктілік көрмелер) ұйымдастырылып тұрады. Оқу қызметінде мультимедия, бейнематериалдар қолданылады. Балабақша ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс істейді. Балабақша психологы  ата-аналар мен педагогтарға арналған әр түрлі іс-шаралар жүргізеді. Ата-аналармен бірігіп әртүрлі спорттық мерекелер, көрмелер, ұйымдастырылып тұрады.

Ата-аналармен, тәрбиешілермен, балалармен балабақша психологы жылдық жоспар бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп отырады. Балалармен психодиагностикалық ойындар, жаттығулар, тренингтер, мониторинг жүргізіліп тұрады. Ата-аналарға кеңестер беріліп отырады.









Балабақша қажетті мамандармен қамтылған. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдарда төмендегідей құжаттарды талап етіледі.

Қызметкерлердің құжаттары:
1. Еңбек келісім шарты;
2. Еңбек кітапшасы;
3. Жеке тұлға қағазы;
4. Диплом көшірмесі
5. Жеке куәлік көшірмесі;
6. Санитарлық кітапшасы;
7. Сотталмағаны туралы анықтама.
8. Дәрігерлік-әлеуметтік саулық наркологиялық орталықтан анықтама
9. Психикалық сауықтыру орталығынан анықтама
10. Зейнетақымен қамсызданумен келісім шарт (көшірме)

Сондай-ақ балабақшада ата-аналармен мектепке дейінгі мекеме арасында келісім-шарт жасалынған. Келісім-шарттың мақсаты: ата-аналармен МКҚК «Жансая» бөбекжай-бақша» арасындағы байланысты анықтайды және балаларды тәрбиелеу, оқыту, денсаулығын қадағалап отыруды реттейді.
ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жалпыға міндетті стандартын, МКҚК «Жансая» бөбекжай-бақша» Жарғысын басшылыққа ала отырып, бір жағынан МКҚК «Жансая» бөбекжай-бақша меңгерушісі, екінші жағынан ата-ана осы келісім шартқа қол қояды.
Келісім-шарт төмендегідей бөлімдерді құрайды:
1. Жалпыға жағдай;
1. Келісім шарт мәні;
2. МДҰ құқықтары мен міндеттері;
3. Отбасының құқықтары мен міндеттері;
4. Төлемақы тәртібі мен мөлшері:
• Мемлекеттік қазыналық топтарда бір айлық төлем ақы – 14700 (он төрт мың жеті жүз) тенге.

МКҚК «Жансая» бөбекжай-бақшасы ұжымының жеке іс-топтамасында барлық қажетті құжаттар (жеке іс қағазы фотосуретімен, диплом көшірмесі, еңбек шарты, біліктілік дәрежесінің куәлігі, жеке куәлігінің көшірмесі, дәрігерлік-әлеуметтік саулық наркологиялық орталықтан анықтама, психикалық сауықтыру орталығынан анықтама, зейнетақымен қамсызданумен келісім шарт (көшірме), біліктіліктерін көтеру курстарынан өту куәліктері) жинақталған.

Тәрбиешілердің және қызметкерлердің жеке еңбек кітапшасы мен жеке іс-құжаттары арнайы орында сақталады. Балабақшаның барлық қызметкерлерімен әр уақытта техникалық қауіпсіздік жөнінде нұсқаулар өткізіліп, тиісті нұсқаулық журналдарына тіркеліп отырады. Балабақшаның қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерімен және мекеменің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырылған. Педагог мамандарды тіркеп отыратын кітап және бұйрық кітабы бар. Бұйрық кітабы мемлекеттік қазақ тілінде жүргізіледі. Құжаттарды тіркеу және қайтарып беру жұмыстары қатаң түрде жүргізіліп отырады.

Мамандарды толықтыру, сапалық құрамының құжаттары мен сандық құрамына талдау жұмыстары жүргізілуде. Мектепке дейінгі ұжым

педагогикалық мамандармен толық қамтылған.

Өзіндік бағалау барысында мекеменің ішкі тәртібінің іс-әрекеттерін анықтайтын құрылтайшы құжаттардың бар екендігі тексерілді. Мектепке дейінгі мекеменің ішкі тәртібін реттеуші төлқұжаттары:

• Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы анықтама, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Мұғалжар ауданының бөлімі, Қандыағаш қаласы 20.01.2021 жыл;
• Бизнес сәйкестендіру (БСН): № 080940015490
• «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» МКҚК «Жансая» бөбекжай-балабақшасы»-ның Жарғысы БСН 080915490 Ақтөбе облысы әкімдігінің 23.12.2020 жылғы № 469 қаулысымен бекітілді;
• Техникалық төлқұжат № 15115, 31.05.2019 жыл;
• Тұрақты жер пайдалану құқығы, кадастрлық № 02:038:001:1335
• Мемлекеттік білім беру және мемлекеттік медициналық қызметпен лицензия, берілген күні 02.02.2012 жыл, лицензияның АК10532DD№ 0185771 әрекет мерзімі – шектеусіз.

## 2. Кадрлық құрамға талдау

Сапалы білім мен тәрбие беру мектепке дейінгі мекеме жұмыстарының тиімділігі және даму көрсеткіштері. Оны жүзеге асыру үшін ең алдымен педагог мамандарының қызметі, дамуы дұрыс жолға қойылуы қажет. Сондықтан да, педагогикалық менеджмент негізінде құрылған басқару қызметінің басты бағыттарының бірі ретінде педагогтардың мәртебесін көтеру, олардың кәсіби шығармашылық деңгей-лерін арттыруға деген мотивация тудыру, өзін-өзі жетілдіруге ынталандыру болып табылады. Басқару қызметінде педагогикалық менеджмент негіздемесінде педагогтардың мәртебесін көтеру ғана емес, мақсаты тұрақталып ынтымақтастықпен жасалынып, жететін жетістіктерге бағытталған. Білім беру үрдісінің өнімділігін барынша арттырып, жаңа көзқарастардың тууына арналған жүйелі жұмыстардың арқасында балабақша ұжымында сапалық өзгерістерге қол жеткізілді.

Тәрбие мен оқыту процесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес жүргізіледі. Бала құзыреттілігін қалыптастыру - білім беру іс-әрекетінің бағыты болып табылады. Мектепке дейінгі мекеме педагогтарының бірлескен іс-әрекеті балалардың дербестік даму кеңістігін, шығармашылығының басталуын қалыптастырады. Мектепке дейінгі мекеме педагогтарының ұжымды ынталандыру жүйесінде жеке өзіндік дамуы және дербестік шығармашылық әрекетіне бағытталған. Мұның өзі жаңа даму жүйесіндегі жеке тұлғаның дамуы және педагогикалық қызметінің жоғары сапалық көрсеткішін көрсетеді. Мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілері мен педагог мамандар өзінің шеберлігін үнемі арттырып отырады. Әлсіз тұстарын жетілдіру үшін, озық көшінен қалмауды басты назарда ұстайды Семинарлар, тренингтер, педагогикалық кеңестер, әдістемелік бас қосулар өткізіледі.
Бүгінгі педагог - кәсіби ізденуші, зерттеуші, өз бетінше шығармашыл, әдістемелік теориялық ойлау қабілеті жоғары, ерекше ынта-ықылас, серпінмен, қызығушылықпен, құлшыныспен, ұжыммен бірлескен әрекеттер құра алатын маман. Осыған орай педагог мамандар өз білімін жетілдіру мақсатында біліктілігін көтеру курстарынан өтіп отырады.

Мектепке дейінгі ұйымда штаттық кестеге байланысты қызметкерлер саны- 42,65 оның ішінде педагогтар саны –18, техникалық персонал – 26,65
Қазіргі уақытта қызметкерлер саны – 39, педагогтар саны – 15, әкімшілік және техникалық персонал – 24

### Педагогикалық мамандардың білім беру сипаттамасындағы өзгерістер

| Оқу жылы | Педагогтар саны | Жоғары | | | | Арнаулы | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Мектепке дейінгі | % | Педагогикалық | % | Мектепке дейінгі | % | Педагогикалық | % |
| 2021-2022 | 18 | 1 | 5% | 4 | 22% | 11 | 61% | 2 | 11% |
| 2022-2023 | 18 | 1 | 5% | 4 | 22% | 11 | 61% | 2 | 11% |
| 2023-2024 | 18 | 1 | 5% | 4 | 22% | 11 | 61% | 2 | 11% |

| Оқу жылдары | Жоғары білім | Арнаулы орта | Сырттай оқу орнында оқиды |
|---|---|---|---|
| 2021-2022 | 5 | 13 | |
| 2022-2023 | 5 | 13 | 1 арнаулы орта |
| 2023-2024 | 5 | 13 | 1 арнаулы орта |

## Педагогикалық ұжымның жас құрамына қарай талдауы

| **Оқу жылдары** | **Педагогтар саны** | **20-30 жас** | **30-40 жас** | **40-50 жас** | **51 жастан жоғары** |
|---|---|---|---|---|---|
| **2021-2022** | 18 | 3 (17%) | 2 (11%) | 8 (44%) | 5 (28%) |
| **2022-2023** | 18 | 4 ( 22%) | 2 (11% ) | 4 (22%) | 8 (44%) |
| **2023-2024** | 18 | 5 ( 28%) | 3( 17%) | 4 ( 22%) | 6 ( 33%) |

## Кадрлардың педагогикалық еңбек өтілі бойынша құрамы

| Оқу жылы | Педагог қызметкерлердің еңбек өтілі | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **барлығы** | **3 жылға дейін** | **3 жылдан-5 жылға дейін** | **5 жылдан 10 жылға дейін** | **10 жыл-15 жылға дейін** | **15 жыл-20 жылға дейін** | **20 жылдан жоғары** |
| 2021- 2022 | 18 | 1 | - | 8 | - | 5 | 4 |
| 2022 - 2023 | 18 | 3 | - | 8 | - | 4 | 3 |
| 2023-2024 | 18 | 2 | 1 | 6 | 4 | 2 | 3 |

## Біліктілік санаты бойынша педагогтар құрамы

| Оқу жылдары | Педагогтар саны | Жоғары | Бірінші | Екінші | Педагог-модератор | Педагог-сарапшы | Педагог-зерттеуші | Педагог-тағылымдамашы | Санаты жоқ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2021-2022 | 18 | - | 1 - 6% | 3- 17% | 3 -17% | 1- 6% | 3 -17 % | | 7 - 37% |
| 2022-2023 | 18 | - | 1 - 6% | - | 3 -17% | 1-6 % | 3 -17 % | 1-6% | 9- 44% |
| 2023-2024 | 18 | - | - | - | 4 - 22% | 1-6 % | 4 - 22% | | 9- 44% |

Бірінші, педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші санаты бар педагогтардың саны- 9 (50%).
Төмендегі оқу жылдармен салыстырғандағы біліктілік санаттарының өсім көрсеткіші:
2021-2022 оқу жылы- 11 педагог – 61 %;
2022-2023 оқу жылы- 9 педагог - 50 %;
2023-2024 оқу жылы- 9 педагог - 50 %;

Педагогтардың еңбек етуіне жағдай толық жасалған. Меңгеруші, әдіскер кабинеті бар. Кабинетте 1 компьютер бар. Педагогтардың кабинетте отырып жұмыс жасауына үстел қойылған. Педагогтардың еңбегін мадақтау жүйесі толық қалыптасқан.

# 3.Тәрбиеленушілер контингенті

Бөбекжай-бақшасы мен ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар арасында өзара қарым-қатынастар баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттелген. Шартта баланың мектепке дейінгі ұйымға бару режимі, тамақтану саны, түзету жұмыстары, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және мерзімі, мектепке дейінгі ұйымда – баланың бір күндік тамағына кеткен ақысының мөлшері, өзге де жағдайлар айқындалған.

## 2021-2024 оқу жылдарындағы балалардың жалпы саны

| Оқу жылы | Балалардың жалпы саны | Қазақ тілінде тәрбиеленетін балалар |
|---|---|---|
| 2021 - 2022 о.ж | **142** | **142** |
| 2022 – 2023 о.ж | **135** | **135** |
| 2023 - 2024 о.ж. | **153** | **153** |

## 2023-2024 оқу жылында алты топ жұмыс жасақталды

| р/с | Топ атауы | Жас ерекшелігі | Бала саны |
|---|---|---|---|
| 1 | «Балдырған» орта жас тобы | 3 жастан бастап | 28 |
| 2 | «Айгөлек» орта жас тобы | 3 жастан бастап | 30 |
| 3 | «Балауса» ересек жас тобы | 4 жастан бастап | 30 |
| 4 | «Қарлығаш» аралас (ерте, кіші жас)тобы | 1 жастан бастап<br>2 жастан бастап | 25 |
| 5 | «Балбөбек» кіші жас тобы | 2 жастан бастап | 29 |
| 6 | «Балдәурен» сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы тобы | 3 жастан бастап<br>4 жастан бастап | 8<br>3 |
| **Барлығы** | | | **153** |

| Топ/сынып атауы | Оқыту тілі | Тәрбиеленушілер саны | Тәрбиеленушілердің жастары | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 1 | 2 | 3 | 4 |
| «Балдырған» орта жас тобы | қазақша | 28 | | | 28 | |
| «Айгөлек» орта жас тобы | қазақша | 30 | | | 30 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| «Балауса» ересек жас тобы | қазақша | 30 | | | | 30 |
| «Қарлығаш» аралас (ерте, кіші жас) тобы | қазақша | 25 | 12 | 13 | | |
| «Балбөбек» кіші жас тобы | қазақша | 29 | | 29 | | |
| «Балдәурен» сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы тобы | қазақша | 11 | 1 | 1 | 6 | 3 |
| **Барлығы** | 6 | 153 | 13 | 43 | 64 | 33 |

## 4. Жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету

МКҚК «Жансая» бөбекжай-бақшасында әр баланың жеке тұлға боп дамуына жағдай жасалынған. Көрме, сайыстар (балалардың ата-аналармен бірге жасаған суреттерінің және қол еңбектерінің көрмелері) ұйымдастырылады. Әр топта баланың дамуына оның жасына қарай, психофизикалық дамуына жағдай жасалған. Барлық жабдықтар және ойын құралдары аймақтарда дұрыс орналасқан. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы қауіпсіз,қолжетімді орналасқан, әртүрлі, мазмұнды, өзгермелі талаптар сақталған. Топтарда балалардың жас ерекшелігіне қарай танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтармен жабдықталған. Сонымен қатар дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар,оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалармен жабдықталған.Топтарды безендіру баланың эстетикалық, патриоттық дамуына әсерін тигізеді. Барлық топтарда жас ерекшеліктеріне сай үлгілер, түрлі бағыттағы көркем сурет, ұлттық қолөнер заттары бар. Балалардың сурет салуға, мүсіндеуге қарындаштары, қағаздары, ермексаздары, әртүрлі бояулары қолжетімді орналасқан бұрыштары бар.

«Жеті ойыншық» авторлық жобасы бойынша кабинет жабдықталған. «Рухани жаңғыру сәби шақтан» кабинеті — көрнекі және оқыту құралдарымен, күнделікті өмір дағдыларын дамытуға арналған модульдермен, үстел ойындарымен, кітапшалармен және буклеттермен жабдықталған дамыту бөлмесі. Педагогтар өз қолдарымен ұлттық нақышта көрнекіліктер жасап, бөлмені көркейтуге, балаларға ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға өз үлестерін қосуда.

Кабинетте жұмыс жасаудың басты мақсаты балаларды қазақ халқының мәдени құндылықтарына баулу және тәрбиелеу. Балалар қазақ халқының шығармашылығымен, салт-дәстүрімен танысады.















Барлық материалдар балалардың жас ерекшеліктері мен психофизикалық ерекшеліктерін, санитарлы-гигиеналық талаптарын, психо-педагогикалық шарттарын ескере отырып жасалып, жинақталатындықтан баланың интеллектуалдық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге себебін тигізеді. Бөбекжай-бақшасының барлық табиғи–кеңістік ортасы санитарлық тексеру мекемелерінің талаптарына сәйкес келеді. Бірігіп қызмет жасау үшін барлық жағдайлар толығымен жасалған. Жиһаздардың орналасуы, ойын жабдықтарының орналасуы қарастырылған. Сондай-ақ, ауыз су, жарық, жылу режимдері қадағаланады.

Мектепке дейінгі балалардың толықтай физикалық дамуының маңызды міндеттерінің бірі балалардың мезгілімен тамақтануын дұрыс ұйымдастыру. Бөбекжай-бақшамызда төрт мезгілдік тамақтану бекітілген. Тағамдардың барлық түрі нормаға сәйкес.

Бөбекжай-бақшасындағы тамақтандыруды ұйымдастыру мына шарттардың негізінде құрылады:

- рационардың энергетикалық құндылықтары;
- рационның түрлі құрамы;
- жоғарғы технологиялық және аспаздық өңдеу;
- балалардың жеке ерекшеліктерін ескерту.

Бөбекжай-бақшамыздағы дене-шынықтыру, денсаулық сақтау жұмыстары суыққа бейімдеу(жалаң аяқ жүру); күні бойғы рационды қозғалу белсенділігі (дене шынықтыру, ойындар, таза ауада серуендеу) жүргізіліп отырады.
Әкімшілік тарапынан функциялар дұрыс бөлінген, мекемедегі ахуал өте жақсы. Меңгеруші бөлмесі көлемі - 13,8 ш.м., есепші бөлмесі – 9,6 ш.м. Әдіскер,психолог мамандар бөлмелері біріктірілген.
Бөбекжай-бақшасы медициналық құрал-жабдықтармен қамтылған, арнайы медициналық кабинет бар, ауданы – 15,1 ш.м.
Бөбекжай-бақшасының қызметкерлері уақытында медициналық тексерістен өтіп отырады. Балалармен сауықтыру, шынықтыру жұмыстары жоспарға сай медбике және педагогтармен бірлесіп жүргізілуде. Балаларды тереңдетілген медициналық тексеруден клиникалық-диагностикалық емханасының мамандары жыл сайын өткізеді. Балалардың денсаулық паспорты (0-27 У) толтырулы, анықтамалары жинақтаулы, бала қатысымын тексеру журналы бар.
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыз № 615 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын басшылыққа ала отырып, белгіленген құжаттар жүргізіледі. Медбикемен профилактикалық және эпидемияға қарсы, басқа да жұқпалы ауруларға қарсы ата-аналар мен қызметкерлерге арналған кеңестер жүргізіледі.
Бөбекжай-бақшасында тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша жүйелі бақылау жүргізіледі. 10 күнге арналған ас-мәзірі бойынша балаларға арналған тамақ дайындалуда. Тамақтандыру әр түрлі , С- витаминімен қамтамасыз етілген, жемістер, көкөністер күн сайын беріледі, тағамдары ас- мәзірінде анықталған .
Бөбекжай-бақшасының асханасы бар. Асхана қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған.Асхана қызметкерлерінің штаттық бірліктері бөбекжай-бақшасы штатына кіреді. Мекемеде 2 аспазшы 1 көмекшісі жұмыс жасайды. Аспазшылар арнайы курстардан өткен, разрядтары бар. Асхананың аумағы – 26,4 ш.м, сақтау қоймасы- 14,2 ш.м. құрайды. Асхана барлық құрал- жабдықтармен қамтамасыз етілген.
Ас әзірлейтін бөлме – 17,9 кв.м., 2-электроплитамен жабдықталған, 3-тоңазытқыш, 3- мұздатқыш, термометрмен жабдықталған, мұздатқыш температурасы сақталынып, тексеріледі. Ас үй жиһазы, 3 бөлек үстел дайын және шикі күйіндегі азық-түліктерге арналған, ас үй жабдықтары бар, нөмірленген, санитарлық сұраныстарға сай. Аспаздар медициналық тексерістен өткен, жұмыс істеуге рұқсаты бар. Аспазшылардың арнайы киімдері бар. Ас тарату бөлмелері ыдыс-аяқтары бала санына сай толық жабдықталған. Ыдыс- аяқтарды жуу, дезқұралдарды пайдалану нұсқаулықтары ілінген, бөлмені жинау құралдары бөлек көрсетілген жерде орналастырылған.Тамақ өнімдері жылма- жыл «Мемлекеттік сатып алу» заңына сәйкес келісім шарттар негізінде сатып алынады.

1 бөлмелі кір жуатын орны бар. Автоматтандырылған 2 кір жуатын машина, 1 кір үтіктейтін үстел, таза төсекке арналған шкафпен жабдықталған. Төсек жабдықтары мен сүлгі алмастыруы 3 кезеңге арналған,арнаулы киімдерді беру, қабылдау кезектілігі сақталған.

Балаларға арналған ұсақ моторикасын дамыту ортасы (конструкторлар, леголар, санамақтар, текшелер, пазлдар, доминолар, лотолар, лэпбуктар т.б)

Кітаптар ортасы (балаларға арналған ертегілер, балаларға арналған кітаптар,журналдар)

Өнер ортасы ( қарындаштар, түрлі-түсті бояулар,гуаштар, ермексаздар, борлар, альбомдар, балаларға арналған музыкалық аспаптар, театрлық қойылымдарға қуыршақтары т.б)

Табиғат ортасы ( құм, тас, дәнді-дақылдар,жыл мезгілдері белгіленген суреттер,аквариум т.б материалдар)

Сюжетті-рольді ойындар орталығы ( аспаз, дүкен, дәрігер, өрт сөндіруші құралдары, жолда жүру ережелері белгілері, үй жиһаздары)

Ұлттық ортасы ( қазақы бұрыш, кесе, қазақша киім,сандық, қалқан,қылыш,көрпе т.б жабдықтар) ұйымдастырылған.
Қосымша ойыншықтар балалардың еркін ойнауына арналған машиналар,қуыршақтар, текшелер,түрлі ертегі кейіпкерлері т.б)

Спорт залы қарастырылмауына байланысты спорт ортасы ұйымдастырылған ( массажды жол, түрлі биіктікте еңбектеуге арналған доғалар, ұзын түрлі түсті лента, қысқа түрлі түсті лента, балалар шығыршығы, гимнастикалық таяқ,секіргіш, түрлі- түсті жалау, доптар, резеңке доптар, т.б.)

Математикалық ұғымдарын қалыптастыруға арналған жабдықтар карточкалар, санау материалдары қолдан жасалынған, бала санына жеткілікті.

Ойын алаңы аймағы жабдықталған. Ойын алаңына арналған құрал-жабдықтар жасақталған, оның ішінде көлеңкелі күрке-6, құм салғыш-6 ұйымдастырылған.

## 5. Оқу әдістемелік кешендердің болуы

Тәрбиелеу мен оқытуды дамыту модулін іске асыру мақсатында,әр баланың жеке қабілетін, қажеттілігін ескере отырып, бөбекжай-бақшасында қауіпсіз білім беру ортасы әртүрлі жастағы принцип бойынша қалыптасқан.
Бөбекжай-бақшасында кеңістік-пәндік ортаны дайындау: мемлекеттік белгілер, тақырыптық стендтер,

Ұйымда кеңістік-пәндік ортаны безендіру мақсатында «Менің Отаным -Қазақстан», «Ас мәзірі», «Өрт қауіпсіздігі», «Спорт –денсаулық кепілі», «Денсаулық –зор байлық», «Психолог бұрышы», «Табиғат тіршілік бесігі», «Ата-аналар сіздер үшін», «Бөбекжай-бақшасы мен ата-ана ынтымақтастығы», «Кәсіподақ бұрышы», «Елбасы жолдауы, халық қолдауы», « Жетістіктер айнасы» атты бұрыштар, стендтер, буклеттер, папкілер жасалған.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер туралы қабырға стенді балалардың патриоттық сезімдерін ояту мақсатында ілінген.
Қазіргі ақпараттық-техникалық базасы (локальды жүйелер, интернет жүйесі, электронды пошта т.б): Бөбекжай-бақшасының электронды поштасы бар, интернет жүйесіне мобильді нүктесі 4G және 512 КБит арқылы қосылған.

2 –компьютер комплектісі, 2 –ноутбук , 3- принтер, 1-телефон, 4-музыкалық орталық ,

1-баян инструменті, 8 -домбыра, 2-телевизор ,1- факс аппараты, 1-микрофонмен қамтылған.

Бөбекжай-бақшасы топтарында кітап сөресі ұйымдастырылған. Газет, журналдар, әдістемелік құралдар, балаларға арналған ертегілер, көркем әдебиет кітаптар жинағы бар. Көркем әдебиеттер баланың интеллектуалдық және жеке дамуының өсуіне ықпал етеді. Тәрбиешілерге көмекші әдістемелік құрал «Алматы кітап» баспасынан шыққан. Аудиотека, видеотека бойынша қазақ тілдерінде ертегілер, жаңылтпаштар, санамақтар, дискілер жинақталған, толықтыруды қажет етеді.

Бөбекжай-бақшасы тәрбиешілері үнемі «Отбасы және балабақша», «Мектепке дейінгі білім-тәрбие әдістемесі», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» «МДҰ басшылық анықтамасы», «Ақтөбе ұстазы», т.б.басылымдарға жазылуда.

Педагогтар өздерінің кәсіби шеберліктерін өз бетімен білім алу арқылы арттырады - бұл әдістемелік бірлестіктерге қатысу, өзара байланыс жасау, жаңашыл әдістемелік әдебиеттерді оқу, аудандық және облыстық семинарларға қатысып өз іс-тәжірибесімен бөлісу. Аудандық , облыстық әдістемелік орталықтың қолдауымен әдістемелік жинақтарын баспадан шығару, республика деңгейіндегі, облыстық баспаларға өз мақалаларын кеңестерін және ашық ҰІӘ-ін жариялап отырады.

Қосымша әдебиеттер қорының саны жеткілікті. Баспасөз беттерінде (республикалық, облыстық, аудандық деңгейде) педагогтардың жұмыстары жарияланды, бірнеше педагог облыс көлімінде өзінің әдістемелік құралдарын шығарды.

| № | Басылымның тақырыбы | Авторы |
|---|---|---|
| 1 | «Мектепке дейінгі ұйымда денсаулықты | А.Т.Абдуллина |

| | | |
|---|---|---|
| | сақтау технологиясы» әдістемелік құрал | Ш.Т.Ермаганбетова |
| 2 | «Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұсақ моторикасын дамыту» әдістемелік құрал | Т.Н.Байшуакова |
| 3 | «Ойнайық та, ойлайық!» әдістемелік құрал | Т.Н.Байшуакова |
| 4 | «Мектеп жасына дейінгі балаларға рухани- адамгершілік тәрбие беру» әдістемелік құрал | Г.Б.Ибрагимова |
| 5 | «Балабақшада театрдың маңыздылығы» электрондық орта | Г.Б.Ибрагимова |
| 6 | «Музыка әлемі» электрондық орта | Т.К.Мухтубаева |
| 7 | «Ән шырқайық, балақай» әдістемелік құрал | Т.К.Мухтубаева |
| 8 | «Сиқырлы бояулар» әдістемелік құрал | С.У.Набиева |
| 9 | «Қызықты математика» электрондық орта | С.У.Набиева |
| 10 | «Шебер қолдар» әдістемелік құрал | Р.Ж.Ибраева |

Мектепке дейінгі мекеменің топтары ойын материалдары мен құрал— жабдықтармен қамтылған.

| **№** | **Топтардың жас ерекшелігі** | **Дамытушы –заттық кеңістік орта құралдары** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| 1. | «Балдырған» орта жас тобы | **Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар:**<br>1. Доп<br>2. Жалаушалар<br>3. Арқан<br>4. Кегли<br>5. Кедергі көпшіктер<br><br>**Қимылды ойындарға** атрибуттары - қоян, түлкі, мысық, ит, аю, тышқан, ата, әже, қыз, дүкенші, құстар, жемістер<br><br>**Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер:**<br>**Кітап бұрышында:** «Үш аю», «Бауырсақ», «Қызыл телпек», «Алтын сақа», «Үйшік», «Жұмбақтар», «Тілашар», «Қаңбақ шал» ертегілері<br><br>**Сюжеттік рөлдік ойындар:** «Дүкенші», «Ертегілер елінде», «Қуыршақты бесікке бөлеу», «Айшаны тамақтандырамыз» .<br><br>**Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары:** Түрлі-түсті қарындаштар, бояулар, жемістер, муляждар, кубиктер, жәшіктер, пішіндер жиынтығы, ұзын-қысқа ленталар, мозайкалар, фетерден түрлі жапсырмалар, моншақ тізуге арналған дөңгелектер,түрлі-түсті қыстырғыштар<br><br>**Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту**<br>мақта, түтікшелер, жемістер, губка, тостағандар, стакандар, қорапшалар, ермексаздар, музыкалық ойыншықтар.<br>**Қуыршақ театры**<br>«Үш аю» ертегісі, «Жеті лақ»,«Бауырсақ», «Үйшік », «Шалқан»<br>**Әлеуметтік –эмоцияналдық дағдыларды қалыптастыру**<br>бөлме гүлдері, ұяшықтар, жан-жануарлар, жіпке өткізетін моншақтар, жәшіктер<br>«Жануарлар әлемі», «Үй құстары», «Әкем, анам және мен» тақырыбындағы суретті альбомдар |

| | | |
|---|---|---|
| | |  БАЛАЛАР ӘЛЕМІ<br>ҰЛТТЫҚ БҰРЫШ<br>ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНДЕ  |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | «Айгөлек»<br>орта жас тобы | **Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар:**<br><br>Құрсаулар, доптар, құм салынған қапшықтар, сауықтыру шараларына арналған іздер, жалаушалар, кедергілер, ұзын-қысқа жолақшалар, құм салынған бөтелкелер.<br><br>**Қимылды ойын атрибуттары:** «Тышқан мен лақ», «Қояндар», «Балапандар», «Пойыз»,<br><br>**Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер**<br><br>**Кітап бұрышы:** «Қызыл телпек», «Үш аю», «Шұбар тауық», «Шалқан», «Бауырсақ», «Қаз-аққулар», «Әженің ертегілері», «Маша мен аю», «Мәулен түстермен қалай танысты», «Құрылысшы машиналар», «Сұлу қыз бен құбыжық», «Бұршақ дәні», «Пірәндік үйшік», «Ақылды жануарлар», «Түлкінің жорықтары», «Тышқанның басынан кешкендері»<br><br>**Бейнелік ойыншықтар:** жабайы және үй жануарлары,қуыршақтар, жұмсақ ойыншық, көліктер,үй құстары<br>**Сюжеттік-рөлдік ойындар:** «Дәрігер», «Дүкенші»<br><br>**Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары**<br><br>Түрлі түсті құм салғыштар, ұзын-қысқа жолақшалар, жемістер муляжы, кубиктер жинағы, үлестірмелі ойыншықтар, ағаштан жасалған пішіндер, домино, мозайка, фетрден жасалған көрнекіліктер, ағаштан жасалған жемістер мен сандар лабиринті, түрлі-түсті құрастыру ойыншықтары, ағаштан жасалған магнит балықтар мен таяқшалары, картоннан жасалған түсті піш **Сенсорикалық заттар:** Моншақ тізуге арналған дөңгелектер,түрлі-түсті қыстырғыштар,фетрден жасалған кітапшалар, жапсырмалы фетрлер,үлестірмеліматериалдар, таяқшалар, құрастырғыштар, пирамидалар.<br><br>**Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әркеттерін дамыту.** Магнит тақта, түтікшелер, тарелкалар, стакандар, түрлі түсті бояулар, қарындаштар, гуаш, тақтайшалар, ермексаз, борлар, фонариктер, түрлі түсті қақпақтар, түрлі түсті қысқыштар, музыкалық ойыншықтар<br><br>**Үстел үсті ойындары:** «Ойыншықтар», «Шалқан», «Матрешкалар»<br><br>**Әлеуметтік-эмоцияналдық дағдыларды қалыптастыру**<br>**Табиғат бұрышы:** Бөлме гүлдері, фетрден жасалған жыл мезгілінің көріністері, бақалшақтар, қиыршық тас, гүлге су құйғыш. |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | «Балауса» ересек жас тобы |   <br><br>**Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар:** доптар, құм салынған қапшықтар, кеглилер, түрлі түсті шарлар,гантелдер, массаж жасау құралдары, секіруге арналған ат,секіруге арналған доптар, сылдырмақтар.<br><br>**Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер**<br><br>**Кітап бұрышы:** «Мақтаншақ жануарлар» «Тәрбиеші аю» «Орман достары» «Бес ертегі» «Күн, ай және әтеш», «Қазақ ертегілері», «Кім күшті?», «Тапқыр қойлар», «Қуырмаш», «Түлкі мен бөдене» «Менің Отаным», «Әженің ертегілері», «Біз өсіп ойнаймыз», «Үш аю», «Төрт түлікпен таныс бол» «Жеті лақ» «Маша мен Аю» «Шалқан» «Тақпақтар» жинағы, «Пішіндер» «Ораза айт» «Күл Қыз» «Шал Шияз» «Ерте ,Ерте Ертеде» «Қазақ ертегілері» кітаптары<br><br>**Сюжеттік рөлдік ойындар:** «Асхана» «Дәрігер» «Ертегілер елінде» «Киіз үйде» «Құрылысшы» |

| | | |
|---|---|---|
| 4 | «Қарлығаш» | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары:**<br><br>Дидактикалық ойындар картотекалары,үлестірмелі  түрлі үсті пішіндер, қыстырғаштар. шелектер,  түрлі түсті қайшылар, жемістер муляжы, кубиктер жинағы, түрлі түсті алақан ойыны, ұзын-қысқа,  биік- аласа, жуан- жіңішке жолақшалар , жемістер, үлестірмелі материалдар, қима қағаздар, домино, мозайка, сандар әлемі, фетрден жасалған көрнекіліктер, сенсорика ойыншықтары<br><br>**Шығармашылық  дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту:**<br><br>түтікшелер, құм салғыштар, губкалар, тостағандар, тарелкалар, стакандар , пирамидалар, құрастырғыштар, түрлі түсті бояулар, қарындаштар, гуаш, тақтайшалар,  ермексаз , борлар<br><br>**Әлеуметтік – эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру**<br><br>**Табиғат бұрышы:**  Бөлме гүлдері, гүлдерге арналған суару ыдысы,ағаштан жасалған құс үясы<br><br>  |

| | | |
|---|---|---|
| | аралас тобы | **Физикалық қасиеттерін дамытуға арналға құралдар:** Қимылды ойындар картотекалары,үлкен және кіші доптар бала санына жеткілікті, құрсаулар, доптар, құм салынған қапшықтар,<br>сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер,жалаушалар, суықтыру шарасына арналған құралдар.<br>**Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер**<br>Артикуляциялық жаттығулар картотекалары,түрлі-түсті суретті альбомдар «Жыл мезгілдері», «Көлік түрлері», «Балықтар», «Дала гүлдері», «Қазақстан қалалары», «Жәндіктер», «Құстар», «Тәтті нандар».<br>Санамақтар,тақпақтар жинағы, ертегі желісі бойынша фетрден жасалған кітаптар<br><br>**Кітап бұрышы:**<br><br>«Хан мен үш ұры» «Шал мен Дәу» «Сәулетті үйшік» «Бес ертегі» «Күн, ай және әтеш» ,«Тапқыр қойлар» , «Қуырмаш» ,«Түлкі мен бөдене» , «Менің Отаным», «Әженің ертегілері» , «Біз өсіп ойнаймыз» ,«Үш аю» , «Төрт түлікпен танис бол» «Жеті лақ» «Маша мен Аю» «Шалқан» «Тақпақтар» жинағы, «Пішіндер» «Ораза айт» «Күл Қыз» «Шал Шияз» «Ерте, ерте, ертеде» «Қазақ ертегілері» «Аюлар »<br><br>**Сюжеттік рөлдік ойындар:** «Асхана» «Дәрігер» «Ертегілер елінде» «Киіз үйде» «Құрылысшы»<br>Қуыршақ театры: «Қызыл телпек»,«Шалқан» ,«Бауырсақ»<br>**Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары:**<br><br>Дидактикалық ойындар картотекалары,үлестірмелі түрлі түсті пішіндер, қыстырғаштар. шелектер, қайшылар, жемістер муляжы, кубиктер жинағы, түрлі түсті алақан ойыны, жемістер үлестірмелі материалдар, қима қағаздар, домино, мозайка, сандар әлемі, фетрден жасалған көрнекіліктер.<br><br>**Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту:**<br>**Театр түрлері:**<br>Қуыршақ театры «Ақымақ қасқыр», «Үш аю», «Үш торай»,<br>«Шалқан», «Қызыл телпек», «Үйшік»<br>**Үстел үсті театры** «Көкөністер дауы», «Жеті лақ», «Көңілді ойыншықтар»<br>**Сюжеттік рөлдік ойындар:** «Құрылысшы», «Отбасы», «Дәрігер», «Құрылысшы», «Диханшы», «Аспазшы»<br>Зерттеу ойындары картотекалары, гуаш, тақтайшалар. ермексаз, борлар, трафареттер, түрлі түсті қағаздар, картон қағаздар, қайшы, желімдер<br>**Әлеуметтік – эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру**<br>**Табиғат бұрышы:** Бөлме гүлдері,Аквариуим, гүлдерге арналған суару ыдысы, құмдар. |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | «Балбөбек» кіші жас тобы |  <br><br>**Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар:** Құрсаулар, доптар,құм салынған қапшықтар,секіртпелер,кедергілер,кеглилер,арқан,жалаушалар,қимылды ойындар атрибуттары, түрлі түсті ленталар, сылдырмақтар,текшелер. Асықтар , «Құстар», «Аю мен аралар», «Асық ойыны», «Марғаулар мен күшіктер»<br><br>**Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер:**<br>**Кітап бұрышы**<br>«Алтын балта», «Балықтар неге сөйлемейді?», «Бір үзім нан», «Арыстан мен тышқан», «Түлкі мен құмырсқа», «Алтын сақа», «Түлкі мен Тырна»<br>«Алтын жүзік», «Жүсіп мерген», «Алтын сандық» ертегілері, «Жаңылтпаштар», «Жұмбақтар», «Санамақтар», «Мақал-мәтелдер» жинақтары.<br>**Сюжеттік рөлдік ойындар:**<br>«Асхана», «Шаштараз», «Дәріхана», «Киіз үйде», «Ертегілер елінде»<br><br>**Танымдылық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары:**<br>Пішіндер,санамақтар, кубиктер жиынтығы, алақан ойындары,жолақты карточкалар,ұзын-қысқа, жуан-жеңішке,енді-енсіз, биік-аласа жолақшалар, бала санына жеткілікті үлестірмелі материалдар, қима қағаздар, мозайкалар, домино ойындар,сандар әлемі, фитерден ,ағаштан жасалған көрнекіліктер.<br><br>**Шығармашылдық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту**<br>Магниттік тақта, түтікшелер, тіс щеткалары, қылқаламдар, түрлі-түсті карандаштар, түрлі-түсті бояулар,фломастерлер,ермексаздар,қайшылар,губкалар,сурет альбомдар,түсті қағаздар, |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | «Балдәурен» сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларға | тарелкалар,стакандар, құм салғыштар, ұн,дәнді дақылдар, шырша жаңғағы, музыкалық ойыншық аспаптар.<br><br>**Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру**<br>**Патриоттық тәрбиеге арналған альбомдар:** «Менің Астанам», «Қазақстан қалалары», «Менің отбасым», «Табиғат біздің анамыз», «Қазақ салт дәстүрлері», «Қос мекенділер», «Дала құстары» альбомдары<br>**Табиғат бұрышы:**<br>**Өсімдіктер әлемі.** Бөлме гүлдері, күнтізбелер, ауа райын белгілейтін календарь,табиғи қалдық материалдардан жасалған гүлдер, көктемгі егіске арналған ыдыстар,тастар, құм, топырақтар. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері,кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар)<br>**Жануарлар әлемі** Төрт түлік және оның төлдері<br>**Жәндіктер туралы** (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа)<br>**Заттық әлем** жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы,әуе, су, жерде жүретін көліктер, телефон, теледидар<br><br> <br><br>**Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар:**<br>Доптар,құм салынған қапшықтар,кедергілер, шаршылар<br>Қимылды ойындар атрибуттары: «Құстар», «Паравоз», «Қояндар»т.б. |

| | | |
|---|---|---|
| | арналған арнайы тобы | **Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер:**<br>**Кітап бұрышы:**<br>«Мен оқығанды ұнатамын», «Күн жүйесі», «Жер» «Қанаттылар» «Жәндіктер дүниесі» «Абылай және қазақ батырлары», «Түлкі, тасбақа және ақ тиін мен қасқыр», «Өрт сөндіруші көлігі», «Алтын жұмыртқа», «Шұбар тауық», «Сәулетті үйшік», «Жол ережелері», «Мен өзі кіммін?», «Салт дәстүрлер», «Тарихи ғажайыптар», «Сандар», «Ойыншықтар әліппесі», «Ертегілер жинағы» «Күншуақ» журналдар жинағы , «Тақпақтар», «Санамақтар» жинағы. Логопедиялық альбомдар, «дыбыстар жинағы» .<br>Сюжеттік рөлдік ойындар:<br>«Шаштараз» «Дүкенші», «Дәрігер» .<br>**Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту**:<br>«жемістер муляжы», «жолақты карточкілер», үлестрмелі карточкілер, мозайка, фетрден жасалған көрнекіліктер. Биік-аласа, жуан - жіңішке жолақшалар,<br>Үлестірмелі материалдар; тыныс алу жаттығуларына арналған ойындар, әр бала санына қарай домино, сандар әлемі, саусақ жаттығуларына арналған құралдар, түстерді ажыратуға арналған ойындар, баумен ойналатын ойындар.<br>**Шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс әрекеттерін дамыту:**<br>Магнит тақта,түтікшелер, құм салғыштар,түрлі түсті бояулар,гуашь ,тақтайшалар, ермексаз, борлар, губкалар, жаңғақ.<br><br>**Музыкалық ойыншықтар:** үрмелі аспаптар ,барабан.<br><br>**Әлеуметтік эмоцияналдық дағдыларды қалыптастыру:**<br><br>**Табиғат бұрышы:** Бөлме гүлдері, ауа райын белгілейтін календарь, құм, май тастар, бояулар, жәшіктерге егілген көшеттер.<br><br>Патриоттық тәрбиеге арналған альбомдар: «Менің Астанам,» «Менің отбасым» «Қазақстан қалалары».<br>**Логопед құралдары:**<br>Музыкалық панель, массаждық зондтар -10 түрлі, массажды кілемше. |

| | | |
|---|---|---|
| | |     |

## 6.Ақпараттық ресурстар және кітаптар қоры

Ақпараттық мәдениет – бұл, ең бастысы адамның интеллектуалды белсенділігі болғандықтан, жаңа ақпаратқа үнемі кажеттілік, оны өңдеу және өз бетінше түрлі мақсатта қолдану талап етіледі.

Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг қыркүйек, қаңтар, мамыр айларында жүргізіледі. Жылдық жоспарға сай 5 педагогикалық кеңес өткізіледі. Жоспарланған жұмыстардың жүйелілігі мен орындалуы сапасына басшылық жасау деңгейін анықтау мақсатында шолу, тақырыптық, салыстырмалы, жедел бақылау жүргізіліп, анықталған кемшіліктер бойынша жұмыстар жүргізіледі. Балабақша ішілік тексерулер мен бақылауларға сүйене отырып, мониторинг нәтижесіне қарап, балалардың сөйлеу тілдерінің, сөздік қорларын байытуда, белсенді сөйлеу қорларының төмендігін ескерген жағдайда, бала тілін дамыту, дыбыстарды анық таза айтуға үйрету, байланыстырып сөйлеу, өз ойын толық сауатты жеткізуге үйрету жұмысына басымдық беру керегі айқындалып, биылғы жылға балалардың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, танымдық, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру мақсаты жоспарланды.

1. Балаларға негізгі қимыл түрлерін меңгерту арқылы мәдени-гигиеналық дағдыларды, қимыл белсенділігін, ойындар, ұлттық ойындар, спорттық ойындардың элементтерін, командамен бірге әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.
2. Балалардың белсенді сөздік қорын байыту, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту.
3. Балалардың кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру өлеңдер жаттату, кітаптарды оқып беру, кітап бұрышын ұйымдастыру.

4. Баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара қарым-қатынас орнату.

Қазақстан Республикасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында балабақшада жұмыстар өз жалғасын табуда. 2021-2022 оқу жылынан бастап «Жеті ойыншық» авторлық жобасы бойынша кабинет жабдықталды. «Рухани жаңғыру сәби шақтан» кабинеті — көрнекі және оқыту құралдарымен, күнделікті өмір дағдыларын дамытуға арналған модульдермен, үстел ойындарымен, кітапшалармен және буклеттермен жабдықталған дамыту бөлмесі. Педагогтар өз қолдарымен ұлттық нақышта көрнекіліктер жасап, бөлмені көркейтуге, балаларға ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға өз үлестерін қосуда. Кабинеттің даму жоспары жасалып, топтарға кабинетті пайдалану кестесі құрылды.

Оқу жылының басында педагогтарға «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - БАЛА ШАҚТАН» мектепке дейінгі ұйымдарға арналған әдістемелік нұсқаулықпен таныстырылып, бөлмедегі ойын-тәрбие құралдарын пайдалану жолдары түсіндірілді .

«Жеті ойыншық» авторлық жобасында 7 секция бар. Біріншісі, «Зияткер» — сиқырлы сандар, екіншісі, «Ұлы дала ұланы» — балалардың күнделікті өмірінде қажетті дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыру, үшіншісі, «Зерделі ұрпақ» — сенсомоторлы, төртіншісі, «Ұлы дала сазы» — шығармашылықты дамыту, бесіншісі, «Ғажайыптар мекені» — жаратылыстану, алтыншысы, «Тіл — қазына» қарым-қатынас, жетіншісі, «Ұлы дала ұлағаты» — өлкетану және этномәдениет аймақтарына бөлінген. Әр топ жас ерекшелігіне қарай кесте бойынша кабинетте жұмыс жасайды. Кабинетте балалармен жасалған жұмыстар, суреттер папкаға жинақталуда..

### *«Рухани жаңғыру-бала шақтан» кабинетінің даму жоспары*

| *№* | *Іс-шаралардың өтілуі* | *Уақыты* | *Жауаптылар* |
|---|---|---|---|
| 1 | Кабинет жоспарын құру | Қыркүйек | Орынбасарова Г.Б |
| 2 | Абаттандыру | Қазан | Мухтубаева Т.К. |
| 3 | Кабинет безендіру | Қараша | Орынбасарова Г.Б |
| 4 | Кабинетті әдістемелік анықтамалықтарға толықтыру | Жыл бойы | Ермаганбетова Ш.Т.<br>Орынбасарова Г.Б.<br>Мухтубаева Т.К<br>Педагогтар |
| 5 | Интернеттен көрнекіліктер іздеу | Жыл бойы | Педагогтар |
| 6 | Көрнекілік дайындау | Жыл бойы | Педагогтар |
| 7 | Кабинетті жабдықтау | Жыл бойы | Утегенов Т.<br>Жалғасбай Ж. |
| 8 | Кабинетті тазалау | жұма сайын | Жалиманова Г.Б. |

Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, кеңес берулер, тренингтер

өткізіледі. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді, формаларды қолданады.
Ата- аналарды балабақша өміріне араластыру мақсатында «Кітап алтын қазына» акциясы ұйымдастырылды, «Кітап біздің досымыз» бұрышына ата-аналар балаларға арналған кітаптар сыйлады. Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады. Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, ол үшін топта немесе мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыруға болады. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік беріледі. Барлық топ бөлмелерінде және «Рухани жаңғыру сәби шақтан» кабинетінде кітап бұрышы жасақталған.

## Оқу әдістемелік жұмыс

МКҚК «Жансая» бөбекжай-бақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативтік-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады. Ұйымдастырылған оқу қызметінің арасына талапқа сәйкес үзіліс уақыттары сақталған.

.

**2023-2024 оқу жылында** МКҚК «Жансая» бөбекжай-бақшасында Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін:
1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;
3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);
4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:
- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту,

әлеуметтік- эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:
1) дене шынықтыру ;
2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
3) сөйлеуді дамыту;
4) көркем әдебиет;
5) сауат ашу негіздері;
6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
7) сенсорика;
8) математика негіздері;
9) құрастыру;
10) қоршаған ортамен таныстыру;
11) сурет салу;
12) мүсіндеу;
13) жапсыру;
14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет дене шынықтыру нұсқаушысымен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Кіші топ балалары үшін сенсорика бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінеді, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыруға баулу көзделеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика негіздерін күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті,эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады.

Қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, ойын әрекеті арқылы іске асырылады.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады .

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек топта аптасына екі рет музыка жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

«Жаратылыстану» ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің міндеттері «Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған іс-әрекетімен кіріктіріліп, шешілетін болады.

# 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

## «Балбөбек» кіші жас тобының ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі

| № р/с | *Ұйымдастырылған іс-әрекет | Жас топтары | | |
|---|---|---|---|---|
| | | кіші топ (2 жастан бастап) | | |
| 1 | Дене шынықтыру | **Дүйсенбі 10.00-10.10** | **Сейсенбі 10.00-10.10** | **Жұма 10.25- 10.35 (таза ауада)** |
| | Дене шынықтыру ** | күн сайын | | |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын | | |
| 3 | Сенсорика | күн сайын | | |
| 4 | Қоршаған ортамен танысу | күн сайын | | |
| | Сурет салу | күн сайын | | |
| | Мүсіндеу | күн сайын | | |
| | Жапсыру | күн сайын | | |
| | Құрастыру | күн сайын | | |
| 6 | Музыка | **Сәрсенбі 10.00-10.10** | | |
| | Музыка *** | күн сайын | | |

## «Балауса» ересек жас тобының ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі

| № | *Ұйымдастырылған | Жас топтары |
|---|---|---|

| р/с | іс-әрекет | ересек жас тобы (4жастан бастап) | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | **Дүйсенбі**<br>**09.35 - 09.55** | **Бейсенбі**<br>**10.20-10.40**<br>**(таза ауада)** | **Жұма**<br>**09.35-09.55** |
| | Дене шынықтыру ** | күн сайын | | |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын | | |
| | | | | |
| | Қазақ тілі *** | күн сайын | | |
| 3 | Математика негіздері | күн сайын | | |
| 4 | Қоршаған ортамен танысу | күн сайын | | |
| 5 | Сурет салу | күн сайын | | |
| | Мүсіндеу | | | |
| | Жапсыру | | | |
| | Құрастыру | | | |
| 6 | Музыка | **Сәрсенбі 10.20-10.40** | **Бейсенбі 09.35 – 09.55** | |
| | Музыка **** | күн сайын | | |

## «Айгөлек» орта жас тобының ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі

| № | *Ұйымдастырылған | Жас топтары |
|---|---|---|

| р/с | іс-әрекет | орта жас тобы<br>(3 жастан бастап ) | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | **Дүйсенбі<br>10.35- 10.50<br>(таза ауада)** | **Сейсенбі<br>10.15-10.30** | **Сәрсенбі<br>09.35-09.50** |
| | Дене шынықтыру ** | күн сайын | | |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын | | |
| | | | | |
| | Қазақ тілі *** | күн сайын | | |
| 3 | Математика негіздері | күн сайын | | |
| 4 | Қоршаған ортамен танысу | күн сайын | | |
| 5 | Сурет салу | күн сайын | | |
| | Мүсіндеу | | | |
| | Жапсыру | | | |
| | Құрастыру | | | |
| 6 | Музыка | **Сейсенбі<br>09.35-09.50** | | |
| | Музыка **** | күн сайын | | |

**«Қарлығаш» ерте жас тобының ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі**

| № р/с | *Ұйымдастырылған іс-әрекет | Жас топтары | | |
|---|---|---|---|---|
| | | ерте жас тобы (1 жастан бастап) | | |
| 1 | Дене шынықтыру | **Сейсенбі 09.35 - 09.45** | **Сәрсенбі 10.00 – 10.10 (таза ауада)** | **Бейсенбі 09.55-10.05** |
| | Дене шынықтыру ** | күн сайын | | |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын | | |
| | | | | |
| 3 | Сенсорика | күн сайын | | |
| 4 | Қоршаған ортамен таныстыру | күн сайын | | |
| 5 | Мүсіндеу | күн сайын | | |
| 6 | Музыка | **Бейсенбі 10.20-10.30** | | |
| | Музыка **** | күн сайын | | |

## «Қарлығаш» кіші жас тобының ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі

| № | *Ұйымдастырылған | Жас топтары |
|---|---|---|

| р/с | іс-әрекет | кіші жас тобы<br>(2 жастан бастап ) | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | **Сейсенбі<br>09.35 - 09.45** | **Сәрсенбі<br>10.00 – 10.10<br>(таза ауада)** | **Бейсенбі<br>09.55-10.05** |
| | Дене шынықтыру ** | күн сайын | | |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын | | |
| | | | | |
| 3 | Сенсорика | күн сайын | | |
| 4 | Қоршаған ортамен таныстыру | күн сайын | | |
| 5 | Сурет салу | күн сайын | | |
| | Мүсіндеу | | | |
| | Жапсыру | | | |
| | Құрастыру | | | |
| 6 | Музыка | **Бейсенбі<br>10.30-10.40** | | |
| | Музыка **** | күн сайын | | |

## «Балдырған» орта жас  тобының ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі

| № | *Ұйымдастырылған | Жас топтары |
|---|---|---|

| р/с | іс-әрекет | орта жас тобы (3 жастан бастап ) | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | **Дүйсенбі 10.15- 10.30** | **Сейсенбі 10.35-10.50 (таза ауада)** | **Бейсенбі 09.35-09.50** |
| | Дене шынықтыру ** | күн сайын | | |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын | | |
| | | | | |
| | Қазақ тілі *** | күн сайын | | |
| 3 | Математика негіздері | күн сайын | | |
| 4 | Қоршаған ортамен танысу | күн сайын | | |
| 5 | Сурет салу | күн сайын | | |
| | Мүсіндеу | | | |
| | Жапсыру | | | |
| | Құрастыру | | | |
| 6 | Музыка | **Сейсенбі 10.00-10.15** | | |
| | Музыка **** | күн сайын | | |

**«Балдәурен» сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы тобының ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі**

| № р/с | *Ұйымдастырылған іс-әрекет | Жас топтары |
|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | орта жас тобы (3 жастан бастап ) | | |
| 1 | Дене шынықтыру | **Сәрсенбі 10.25-10.45** | **Бейсенбі 10.45-11.00 (таза ауада)** | **Жұма 10.00-10.20** |
| | Дене шынықтыру ** | күн сайын | | |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын | | |
| | Қазақ тілі *** | күн сайын | | |
| | | | | |
| 3 | Математика негіздері | күн сайын | | |
| 4 | Қоршаған ортамен танысу | күн сайын | | |
| 5 | Сурет салу | күн сайын | | |
| | Мүсіндеу | | | |
| | Жапсыру | | | |
| | Құрастыру | | | |
| 6 | Музыка | **Дүйсенбі 10.15-10.30** | | |
| | Музыка **** | күн сайын | | |
| 7 | **Арнайы түзетуші іс-әрекет ****** | | | |
| | Коммуникативтік дағдыларды дамыту | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** |
| | | **10.00 - 10.30** | **09.35-10.05** | **09.35-10.05** |
| | Сөйлеуді дамыту | **Дүйсенбі** | **Жұма** | |
| | | **09.35 – 10.05** | **10.25 -10.45** | |
| | Дыбыстап айту | **Бейсенбі** | | |
| | | **10.10 -10.40** | | |

**«Балдәурен» сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы тобының ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі**

| № р/с | *Ұйымдастырылған іс-әрекет | Жас топтары | | |
|---|---|---|---|---|
| | | ересек жас тобы (4 жастан бастап ) | | |
| 1 | Дене шынықтыру | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |

<table>
<tr><td></td><td></td><td colspan="4">10.25-10.45</td><td colspan="4">10.45-11.00 (таза ауада)</td><td colspan="4">10.00-10.20</td></tr>
<tr><td></td><td>Дене шынықтыру **</td><td colspan="12">күн сайын</td></tr>
<tr><td rowspan="2">2</td><td>Сөйлеуді дамыту  және көркем әдебиет</td><td colspan="12">күн сайын</td></tr>
<tr><td>Қазақ тілі ***</td><td colspan="12">күн сайын</td></tr>
<tr><td></td><td colspan="13"></td></tr>
<tr><td>3</td><td>Математика негіздері</td><td colspan="12">күн сайын</td></tr>
<tr><td>4</td><td>Қоршаған ортамен танысу</td><td colspan="12">күн сайын</td></tr>
<tr><td rowspan="4">5</td><td>Сурет салу</td><td colspan="12" rowspan="4">күн сайын</td></tr>
<tr><td>Мүсіндеу</td></tr>
<tr><td>Жапсыру</td></tr>
<tr><td>Құрастыру</td></tr>
<tr><td rowspan="2">6</td><td>Музыка</td><td colspan="6">Дүйсенбі     10.15-10.30</td><td colspan="6">Жұма  09.35-09.50</td></tr>
<tr><td>Музыка ****</td><td colspan="12">күн сайын</td></tr>
<tr><td>7</td><td colspan="13">Арнайы түзетуші іс-әрекет  ****</td></tr>
<tr><td rowspan="2"></td><td rowspan="2">Коммуникативтік дағдыларды дамыту</td><td colspan="3">Дүйсенбі</td><td colspan="3">Сейсенбі</td><td colspan="3">Сәрсенбі</td><td colspan="3">Бейсенбі</td></tr>
<tr><td colspan="3">10.35- 10.55</td><td colspan="3">10.00  - 10.30</td><td colspan="3">09.35-10.05</td><td colspan="3">09.35-10.05</td></tr>
<tr><td rowspan="4"></td><td rowspan="2">Сөйлеуді дамыту</td><td colspan="4">Дүйсенбі</td><td colspan="4">Сейсенбі</td><td colspan="4">Жұма</td></tr>
<tr><td colspan="4">09.35 – 10.05</td><td colspan="4">10.35-10.55</td><td colspan="4">10.25 -10.45</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Дыбыстап айту</td><td colspan="12">Бейсенбі</td></tr>
<tr><td colspan="12">10.10 -10.40</td></tr>
</table>

Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылған. Білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы бақытты, дені сау, дербес, білуге құмар, тіл табысқыш, сын тұрғысынан ойлайтын балалардың толыққанды дамуы үшін жағдай жасалған және жүйеленген. Педагогтар осы мақсатты  негізге ала отырып, бірлесе ашық ұйымдастырылған іс-әрекет  ұйымдастырған. Барлық ұйымдастырылған іс-әрекет  балаларға қызықты ойын ретінде (мысалы, квест, логикалық ойындар, саяхат, т. б.) өткізілген, олардың барысында бала ұйымдастырылған іс-әрекет  міндеттерін қолжетімді тәсілдермен,сыни ойлауға, шешуге үйренеді. Жаңа технологиялардың элементтерін қолдану мақсатында «БТТШ»/ Триз/  «Қызықты

математика» құралдары, ұяшықтарға салынатын пішіндер,кестелер. «Деньеш» технологиясының элементтерін қолдануға арналған бастыру әдістерінің құралдары/жемістер,жануарлар,көкөністер ,пішіндер т.б/ жинақталған.Монтессори технологиясының элементтерін қолдануда фетрден тігілген құралдар,балалардың саусақтарының,ұсақ моторикасын дамыту мақсатында-түймелеу/алма ағашына алмаларды орналастыру, сылдырмақтар және т.б күннің екінші жартысында қолдану ұйымдастырылған. Қол моторикасын дамытуда сенсорлық тақтайшалар, сенсорлық үйшіктер қолданады

Физикалық қасиеттерін дамыту дағдысы бойынша: дене шынықтыру нұсқаушысының ұйымдастырып, меңгерткен «Нарғызбен серуендейміз»,«Дені саудың жаны сау» , «Балапандар таза ауада», «Біз көңілді баламыз», «Біз спортшымыз», « Орманға поезбен саяхат» т.б тақырыбындағы ұйымдастырылған іс-әрекеті бала қызығушылығын тудырды. Сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Жүйелі түрде балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде-таңертеңгі жаттығу, серуенде қимылды ойындар, ұйымдастырылған іс-әрекетінде - сергіту сәттері өтіледі. Топтағы сауықтыру шараларына да көңіл бөлінеді: күндізгі ұйқыдан кейін тітіркендіргіш кілемшелермен жүру релаксациялар,тыныс алу жаттығулары,төсекте жатып орындайтын жаттығулар комплексі ұйымдастырылған. Қимылды ойын кешен (картотека), дидактикалық ойындар кешендері, ұйқыдан ояну кешендері, төрт жыл мезгіліне арналған серуен кешендер топтамасы күнделікті ұтымды пайдаланылады.







Танымдық, зияткерлік дағдыларын дамыту , «Математика негіздері» бөлімі бойынша тәрбиеші Л.Қалмағамбетова «Сандар мен пішіндер» тақырыбындағы ашық ұйымдастырылған іс-әрекетінде балалардың ойлау, ажырату дағдыларын қалыптастыра отырып, маман қойған мақсаттарына кері байланыс алу арқылы жете білді. Балалар мен педагогтың арасындағы өзара байланысы өте тиімді әрі тәрбиелік мәні болды. Балалардың іс- әрекеттері, орындаған тапсырмасы, сөйлеу, санау,ажырату арқылы жетік жеткізілді. Жеке-топтық жұмыстарды да ұйымдастыра алды.





Танымдық, зияткерлік дағдыларын  дамыту, «Сенсорика» бөлімі бойынша  тәрбиеші Г.Ибрагимова  «Бауырсақпен сенсорикалық ойындарға саяхат» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекетінде  ойын арқылы балаларға берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі,көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыруды үйретті.






Коммуникативтік дағдыларды дамыту, «Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет» бөлімдері бойынша  топ тәрбиешілері «Қыс қызығы», «Алтын сақа» тақырыптарындағы ашық ұйымдастырылған іс-әрекетін өткізіп, тәрбиеленушілердің  сөздік қорларын,сөйлеуін дамытты, жұмбақ шешу,тіл ұстарту жаттығулары  арқылы баланың сыни ойлау мен қиялын, есте сақтау қабілетін  арттырды. Суреттерді, заттарды қарау, жанды және жансыз табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу, өзіне таныс ертегілерді сахналауға және драмалық қойылымға қызығушылығы мен ынтасы сияқты оқу дағдыларын қалыптастырды.








Балабақшада «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын насихаттауда өскелең ұрпақ тәрбиесіне аса мән берілген. Осы тұғырлы идеяны қалыптастыру үшін ең алдымен ұлағатты тәрбие мен сапалы білімнің қажеттілігі анық көрсетіледі. Мектепке дейінгі білім беруде жас ұрпақтың бойына сіңіретін тәрбие ұлттық құндылықтарға негізделе жүргізілді. Балабақшамыздың орта, ересек топтарында ұдайы мәңгілік ел рухани жаңғыру идеясы негізінде ұлттық құндылықтарды насихаттау жұмыстары жүргізіліп отырады.

«Жеті ойыншық» жобасы аясында әр топқа кесте құрылып, жұмыс жасалуда. Бөлмедегі «Зияткер» — сиқырлы сандар, «Ұлы дала ұланы» — балалардың күнделікті өмірінде қажетті дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыру, «Зерделі ұрпақ» — сенсомоторлы, «Ұлы дала сазы» — шығармашылықты дамыту, «Ғажайыптар мекені» — жаратылыстану, «Тіл — қазына» қарым-қатынас, «Ұлы дала ұлағаты» — өлкетану және этномәдениет аймақтарда балалар күнделікті танысып, қызықты ойындар ойнайды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру мақсатында топтарда ұлттық бұрыштар жасақталып, жұмыс жасалуда.

Наурыз мерекесіне орай топтарда наурыз көже пісіріліп, қазақтың ұлттық тағамдары дастарханға қойылып «Наурыз келді жайдары», «Қош келдің, әз Наурыз!», «Қазағымның салт-дәстүрлері-ай» атты ертеңгіліктер, ата-аналар арасында сайыстар өткізілді.

8 Наурыз мерекесіне орай «Ана әлдиі» тақырыбында жас аналар арасында сайыс өткізілді.

2023-2024 оқу жылындағы 18-22 қыркүйек аралығында тілдер күніне орай «Тіл–татулық тірегі» атты апталығы ұйымдастырылып, «Әжемнің ертегісі» атты әжелер сайысы, «Тіл білгірі» атты педагогтарға арналған сайысы, «Тілім-тірегім, соғып тұрған жүрегім» атты кітап көрмесі өткізілді.

Тәуелсіздік мерекесіне орай «Тәуелсіздік тұғырым», «Отаным Қазақстан» тақырыбында ертеңгіліктер ұйымдастырылды. Тәрбиеленушілерге Тәуелсіздік туралы түсінік бере отырып, елін, жерін сүйетін ұлтшыл патриот тәрбиелеу, өз елінде тұрып жатқан барлық ұлт өкілдеріне құрметпен карауға тәрбиелеген.







Ата-аналармен жұмыс жүйелі түрде жүргізілгенін ұйымдастырылған іс-шаралар арқылы байқауға болады. Мысалы: «Қариялар күні» мерекесіне орай «Ардағым-Ардагерім» атты, «Алтын күз» мерекесі қарсаңында «Күз керемет» атты табиғи материалдардан көрме ұйымдастырылып, ата-аналар табиғи материалдан жасаған бұйымдарынан көрме ұйымдастырылды.Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында ата-аналардың қатысуымен «Тәуелсіз Қазақстан!» атты суреттер көрмесі өтті. Көрмеге барлық топтың ата-аналары белсенді қатысты. «Денсаулығым керемет,жаттығуға рахмет!»денсаулық күні, «Шынықсаң шымыр боларсың», «Денсаулық еліне саяхат» денсаулық күні, «Балабақшамен қоштасу» сағаттары өткізілген.

«БАЛА-АТА-АНА-БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ» үштік ынтымақтастығы құрылды. Әр оқу жылында бөбекжай-бақшада ата-аналарға «Ашық есік күні» ұйымдастырылады. Ашық есік күнінің мақсаты: ата-аналарға бала тәрбиесінде көмек беріп, әрі балабақша жұмыс ретімен танысуға мүмкіндік беру. Балабақшаның, топтың 1 күндік тынысымен танысу.

Ашық есік күні ата-аналар ұйымдастырылған іс-әрекет процесін, күн тәртібіндегі барлық тәрбиелеу процестеріне қатысып, қадағалайды.

Ата-аналар ашық есік күні өздерінің бос уақыттарына сәйкес келуіне мүмкіндік алады, балаларының дамуы бойынша сұрақтарына жауаптарын алады.

  

«Баланың тілін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар» атты жылжымалы папка, «Менің отбасыммен демалысым» - фотокөрме, «Балаларды қалай жақсы көру керек?» ата-аналар үшін қарым-қатынас сабағы, практикалық ұсыныстар психолог кеңесі, «Іш-асқазан ауруларының профилактикасы» медбике кеңесі, «Отбасында баланы еңбекке баулу» кеңес, «Дені сау болып өсемін!», «Тағамдық қоспалар мен дәрумендер», «Егу не үшін қажет?» медбике кеңесі,  «Жол тәртібін білейік, Аман есен жүрейік!»-жылжымалы папка, «Құстарға қамқорлық» табиғи материалдардан көрме, жас ата-аналарға кеңес: "Сөйлеп үйренемін",  «Ертегілер әлемі» кітаптар көрмелері ұйымдастырылды.

Психолог педагогикалық ұйымның қызметіне негізгі психологиялық идеяны – әр бала тұлғасының үйлесімді даму мүмкіндігін енгізіп, оның тәжірибелік тұрғыдан жүзеге асуына ықпал етті. Бөбекжай-бақшасында психологиялық қызметінің негізгі міндеті балаларға психологиялық қолдау көмегін көрсету үшін психологиялық жағдай жасау болып табылды. Психодиагностиканың негізгі мақсаты мектеп жасына дейінгі бала тұлғасының қалыптасуы мен толыққанды дамуына кедергі келтіретін жағдайларды анықтау. Зерттеулер жас ерекшеліктеріне сәйкес сапалы, бала тұлғасына білім беру ортасына әсері нәтижелерінің диагностикасына негізделген. Диагностикалық зерттеулер қабылданған шаралардың нәтижелілігін қадағалау мақсатында түзетуші-дамытушы жұмыстар жүргізілгеннен кейін де өткізілді.Оқу жылының басында келесі мінез-құлық (даму) белгілері бойынша зерттелген, мектеп жасына дейінгі баланың даму ерекшелігін бағалау жүргізілді. Тәрбиеленушілердің білімін мөлшерлеуші ретінде, балаларды жетілдіруді дамыту деңгейінің диагностикалық картасы қолданылады. Бұл үшін барлық жастағыларды зерттеу картасы әзірленген. Мөлшерлеу құралы болып, әр түрлі тақырыптағы тапсырмалар, әр түрлі жастағы топтарда жүйелендірілген дидактикалық материалдар қолданылған. Балаларды бақылау әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностикалық жағдаяттар арқылы жүзеге асырылған.

.

**Жалпы топ бойынша:**
**Психо-диагностика жұмыстары -** «Суреттерді есте сақтау», «Бір сөзбен ата» ойлау, «Төртіншісі артық» ойлау, «Айырмашылығын тап» зейін,
**ағартушылық-профилактикалық бағыт -** «Досыңмен кездесу» тренинг, «Сиқырлы сөздер» тренинг, «Сыйлық» ойлауды дамыту ойыны, «Қолың қайда?» ойыны, «Жағымды сөздер» тілек айту, «Не өзгерді?» ойыны, «Достық» ойыны, «Жаңа ертегі» қиялдау.
**Түзету-дамытушылық -** «Ойыншықтар» ойлау, «Бір, екі,үш» ойлауды дамытуға арналған ойын, «Сандар» , «Аяқталмаған суреттер» қабылдау, «Пішіндерді орындарына қой» сенсорика, «Маған қарай жүгіріңдер » сенсорика, «Машиналарды гаражға қой» ойын, «Құм терапиясы» ұсақ қол моторикасың, ойлау қабілетін дамыту бойынша педагогикалық-психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілген.

2020-2021 оқу жылының желтоқсан айынан бастап сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы топ ашылып, ПМПК қорытындысы бойынша 3 бала қабылданды. 2023-2024 оқу жылында 11 бала тәрбиеленуде. Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ,қажеттілігі ескеріле отырып құрылған. Баланың танымдық, сөйлеу, шығармашылық іс-әрекетін, коммуникативтік қабілеттерін қалыптастыру үшін қолданылатын дидактикалық оқу құралдары мен үлестірмелі материалдар жеткілікті және эстетикалық талғамға сай . Топта арнайы логопед бөлмесі бар, мемлекеттік тапсырыспен арнайы топ балаларына арналған құрал-жабдықтармен жабдықталған. Балалардың ерекшелігіне сәйкес жеңілдетілген оқу бағдарламасы игертілуде. Педагог-психологтың жеке бағдарламасы мен жеке жоспары бойынша бала дамуы жүргізілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен үнемі тәрбиешілер мен педагог-психолог,логопед-дефектолог мамандар және медбике жұмыс жасап, меңгеруші бақылауында. Ата—анасына кеңестер беріліп отырған.

## 7.Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау.

Балаларды тәрбиелеу мен оқыту деңгейлерін қадағалау баланың жасына сәйкес жетістіктерінің мониторингі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы дайындаған Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымына сүйеніп жасалынды. Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады: Осы диагностика негізінде тәрбиеші, психолог және педагог мамандармен бірге үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейі анықталды. Бастапқы бақылау қыркүйек айында жүргізілсе, аралық бақылау қаңтар, қорытынды бақылау мамыр айында жүргізілді. 2023-2024 оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бастапқы, аралық, қорытынды бақылау нәтижелері бойынша материалдары жинақталған.

## 8. Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы

Балабақшада ата-аналар жұмысы мына төмендегідей бағытта жүзеге асады:

- Ұйымдастырушылық (ата-аналарды балабақшаның оқу-тәрбие процесіне тарту; педагогикалық кеңестің, ата-аналар комитетінің және басқа да ата-аналар бірлестіктерінің жұмысына қатысу, қоғамдық ұйымдармен өзара әрекеттесуі);
- Ақпараттық-ағартушылық (ата-аналарға балабақша туралы ақпарат пен балабақшаның қызметін реттейтін құжаттаманы беру; ата-аналар тобымен жұмысты ұйымдастыру; жеке педагогикалық көмек; );
- Ұйымдастырушылық –педагогикалық (ата-аналарды балалармен және тәрбиешілермен бірлескен іс-шараға тарту, бос уақытта, сауықтыру шараларына қатысу, балабақшаға мүмкін болатын көмек көрсету);

- Ата-аналардың әлеуметтік карталарын әзірлеу т.б.

  Балабақшаның жұмысының жоғары деңгей  көрсеткіші – 93% Қорытындылай келе, тәрбиеленушілер және олардың ата – аналары мен педагогтер арасындағы қарым – қатынас деңгейі жақсы қалыптасқан.

  Ата – аналарды балабақша жұмысы қанағаттандырады.Ата-аналарға сауалнама жүргізу арқылы алынған ақпарат әкімшілік пен тәрбиешілерге келесі оқу жылына жұмысты жоспарлау кезінде балабақша мен отбасының тиімді өзара әрекеттесуін құру үшін ата-аналардың сұранысына тілектерін қарастыруға және ескеруге мүмкіндік береді.

## 9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін- балабақша мен тәрбиешілері. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары енгізілуде. Мәселен, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы тәрбиелеу, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан-дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді. Осы талаптарды орындауда педагогтарымыздың АКТ еркін меңгеру мәселесі туындап отыр. Бұл мәселені шешуде алдағы уақытта жоспарлы түрде жұмыстар жүргізіледі.

Мектепке дейінгі мекемеде озат педагогикалық тәжірибе — педагогтың шеберлігінің жоғары деңгейі, тұрақты педагогикалық нәтиже беретін оқыту және тәрбие тәжірибесі екенін ескерсек, балабақшамызда озық тәжірибені пайдалану, дамып келеді. Педагогтар іс-тәжірибеде қолданғанымен, оны жинақтау, тарату, жалпылау бойынша қиналып жатады. Осы мәселені шешуде педагогтарды озық педагогиканы жинауда алдағы уақытта әдістемелік кеңестер, шеберлік сыныптар өтуді жоспарға енгіздік. Тәжірибесінде жаңалық болмауы мүмкін, бірақ ол ғылымда белгілі бір принциптерді, әдістерді табысты түрде қолданып, басқа педагогтарға үлгі болып, озат тәжірибесі басқа балабақшаларға таратылады. Мекемедегі педагогтардың іс-тәжірибесімен бөлісу мақсатында 2023 жылдың мамыр айында «Рухани жаңғыру – ұрпақ тәрбиесінің бастауы» тақырыбында аудандық семинар өткізілу жоспарланып отыр.

## 10. Қорытынды мен ұсыныстар

МКҚК  «Жансая» бөбекжай - бақшасында өзіндік бағалау 2024 жылдың 01-30 сәуірі  аралығында өтті.

**ҚОРЫТЫНДЫСЫ:**

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбие мен оқыту жұмысы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдесіндегі «Білім туралы» Заңының 5- бабының5-1тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйегі № 412 бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы бұйрығына сәйкес,Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына , Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке

дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, «Балаларды ерте дамыту институтының» 2023 жылғы Әдістемелік нұсқаулығына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бағдарламасымен жұмыс жасайды.
1.Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық ұжым оқыту-тәрбиелеуде жұмыстарының озық үлгідегі жаңалықтарымен тәжірибе алмасып, сапасына баса назар аударады.
2.Мектепке дейінгі ұйымда көңіл-күй мен психологиялық жағдайды қалыптастыру және балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға ерекше көңіл бөлінеді.

Балабақша мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сай екендігін көрсетті.

Өзін өзі бағалау нәтижесінде келесі ұсыныстар енгізіледі:
«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 15 наурызындағы № 137 қаулысында көрсетілген дамыту, тәрбиелеу және оқыту процестері тәсілдерін ұйымдастыру:

- Педагогтарға тәрбиеленушілердің бағалау көрсеткішін дұрыс сараптауға кеңестер өткізу;
- «Пәндік-дамытушы ортаны ұйымдастырғанда жалпы талаптарды орындауды іске асыру;
- Бұрынғы қолданыстағы іс-тәжірибені шығармашылық іс-әрекетпен жаңарту.

МКҚК «Жансая» бөбекжай-бақшасы білім беру қызметі жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес және «жақсы» деп бағаланады.

| | |
|---|---|
| Комиссия төрайымы: | Ш.Т.Ермаганбетова меңгеруші |
| Комиссия төрайымының орынбасары: | Г.Б.Орынбасарова әдіскер |
| Комиссия мүшелері: | С.У.Набиева тәрбиеші |
| | Т. К.Мухтубаева саз жетекшісі |
| Комиссия хатшысы: | Ұ.С.Қапан |